әрекеттерінен туындаған қатты жан күйзелісі жағдайында (аффект) жасалған іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық табиғатын мейлінше өзгертеді, сондықтан да саралауды анықтайтын белгілердің бірі болып табылады.

ҚР ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігі 5) тармақшасы бойынша «аса қатыгездікпен адам өлтіру» деп саралаудағы мән беретін жағдайлардың бірі кінәлінің өзге біреуді өлтіріп жатқандығы ғана емес, сонымен бірге оны жасаудың тәсілі, яғни кінәлі өзге біреудің өлгенін ғана емес, сонымен бірге өлтіру арқылы жәбірленушіге ерекше азап көрсетуді қалайтынын анықтау маңызды. Ерекше азап көрсетуді тілемеген болса, мұндай қылмысты аса қатыгездікпен жасалған деп есептеуге болмайды.

Аффект жағдайында адам өлтіру әдетте аса қатыгездікпен адам өлтіруден айырмашылығы алдын ала ойластырудың болмауынан көрінеді. Яғни қатты жан күйзелісі жағдайында қылмыс жасаған тұлғада қылмысты жасаудың тәсіліне деген психикалық қатынасы мүлдем болмайды. Яғни, оны жасаудың тәсілдерін алдын ала ойластырмайды (дайындалмайды). Аффект қылмыстың субъективтік жағының барлық белгілеріне ықпал ете отырып, қылмыскердің өз әрекеттерінің сапалық ерекшеліктерін сезінуге мүмкіндік бермейді. Кінәлі тұлға қатты күйзеліс жағдайында бола отырып, жәбірленушінің саналы түрде ерекше азап пен жапа шегуін тіледі деу қателік. Ал мұндай жағдай орын алғандығы белгілі болған жағдайда, қылмысты ҚР ҚК-нің 101-бабымен саралау мүмкіндігі жойылады.

Қазіргі уақытқа дейін белгісіз болған жайттардың бірі аффект жағдайында жасаған адам өлтіру сыбайлас қатысушылықпен жасалуы мүмкін бе? Көптеген мамандардың пікірінше, аффект жағдайында адам өлтіруде сыбайлас қатысушылықтың болуы мүмкін емес, себебі «аффект жағдайы – нақты бір адамның жеке дара психикалық жағдайы» [9]. Мұндай пікірмен келіспеуге де болады. Әрине, қатты жан күйзелісі – әрбір адамның жеке дара психикалық жағдайы, сондықтан аффектіленген қылмыстарды «күрделі сыбайлас қатысушылықпен жасау» мүмкін емес, алайда қарапайым қылмысқа қатысушылықта жасалу жағдайлары әлі де зерттеуді талап етеді. Айталық, азамат М. жүйелі түрде алкогольдік ішімдік ішіп келіп, өзімен бірге тұратын әйелі мен анасын ұрып-соғып, зорлық әрекеттерге барып жүрді. Мұндай жағдайда екеуінің де бойында аффект жағдайы бір мезгілде тууы мүмкін бе? Теориялық тұрғыда біз мүмкін деп санаймыз. Және біздің пікірімізбен келісетін ғалымдар да кездеседі. Алайда, біз зерттеген тәжірибелік мысалдарда мұндай жағдаяттар кездеспегенін ескерсек, бұл мәселе әрбір жекелеген жағдайға қатысты зерттеуді талап етеді.

Мысалы, сотталушы С. және К. достары М.-ге ауыр дене жарақаттарын келтіріп, соңында өлімге алып келеді. Сот тергеуі барысында олардың осы әрекеттерді жасар алдында қатты күйзелісте болғанын және жәбірленуші оларды үнемі қорлағаны, қорқытқаны белгілі болады. Нәтижесінде екеуі М.-ді өздерінің ізіне түсуін қойдыру үшін сыбағасын беруге шешім қабылдайды.

Жоғарыдағы жағдайда кінәлілердің берген жауабынан олардың алдын ала ойластырып адам өлтіргенін білуге болады. Әрекет «алдағы уақытқа» болжам жасау арқылы жасалғандығы себепті аффект жағдайын жоққа шығарады. Осы мысал аффект жағдайында адам өлтіруде сыбайлас қатысушылық кездеспеуі де мүмкін екенін не кездесе де өте сирек екенін көрсетеді.

Ең алдымен адам өлтіру қылмысын аффект жағдайында топпен жасалды деп шешпес бұрын, бір қатысушыда туындаған қатты жан күйзелісі жағдайы қалғандарына жылдам берілмейтіндігін білу қажет. Аффект әрбір қатысушыда туындамауы да мүмкін. Оның туындауы әрбір қатысушының жеке дара ерекшеліктеріне, жанжалды субъективті сезінуіне байланысты. Сондықтан, қатысушылықпен адам өлтіру болған жерде аффект белгілерінің болғандығы туралы туралы мәліметтер болуы әбден мүмкін және әрбір мұндай жағдайда сот-психологиялық, психиатриялық сараптама тағайындау қажет. Адам өлтірген барлық тұлғалар сараптамадан өткізуді қажет етеді.

ҚР ҚК-нің 101-бабымен және 99-бабы 1-бөлігін ажыратуда құқық қолданушыларда көптеген қиындықтар туындайтынын тәжірибе көрсетіп отыр. Тергеу қызметінің қызметкерлері ҚР ҚК-нің 101-бабы бойынша істі лажсыздан қозғайтынын айта кету керек және де 99-баптың белгілері болған жағдайда неғұрлым қатал жауаптылық ретінде осы норманы таңдайтынын да айта кету керек. Біз зерттеген қылмыстық істердің 75%-ға жуығында аффектке ұқсас белгілер болған. Оның ішінде, тек 10-15% ғана соттармен 101-бапқа қайта сараланған [10; 11]. Тәжірибедегі мұндай мәселелердің болуы, жоғарыда айтқанымыздай, тергеушілердің өзін-өз сақтандыруынан деп білеміз. Істі қайта тергеуге қайтармас үшін тергеушілер оны 99-баптың 1-тармағымен саралайды да, бұл көбіне сот шешімдерінің қателігіне алып келеді.

Төбелес немесе ұрыс-керіс нәтижесінде жасалған адам өлтіруді заңды бағалауда да қиындықтар туындап жатады. Жалпы ережеге сәйкес төбелес нәтижесінде туындаған адам өлтіру ауырлататын мән-жайлар болмаған жағдайда ҚР ҚК-нің 99-бабы 1-тармағымен сараланады. Алайда, мұндай адам өлтіру жағдайларында да жеңілдететін мән-жайлар болатынын ескеру қажет. Оларға сәйкес төбелес нәтижесінде жасалған адам өлтіру табан астында пайда болған қатты жан күйзелісі (аффект) жағдайында немесе қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде немесе құқыққа сыйымды қажетті қорғаныс шегінде болды ма деген мәселе мұқият қаралуға жатады. Сондықтан да ҚР ҚК-нің 101-бабы бойынша адам өлтіруді сараларда ҚР ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігінде көрсетілген ауырлататын мән-жайлардың, қорғану эксцесі бар-жоғын немесе қорғанудың заң шеңберінде болғаны анықталуы қажет.

Өзара төбелес нәтижесінде аффекті қарапайым эмоционалды ашу-ызадан ажыратуға байланысты да қиындықтар кездеседі. Бұл жерде де құқық қорғау органдарының қызметкерлері жиі қателеседі. Мысалы, К. есімді азаматқа оның танысы П. келіп, пәтеріне кіргізуді талап етеді. Алайда К. пәтерге кіргізуге қарсы болады. Осы сәтте П. танысына соққы беріп, екеуі төбелеседі. Олардың ортақ таныстары мен ата-анасы екеуін ажыратып, нәтижесінде К.-ні пәтерге кіргізіп, төбелес тоқтайды. Алайда К. қанды жуып шайып, пышақты

алады да баспалдаққа шығып, онда отырған П.-ның кеудесіне сұғады. Қарастырып отырған жағдайларға мән берсек, К. өзінің алдын ала ойластырған ойын іске асырып, пышақты қолданғанын, ешқандай аффект жағдайы болмағанын көруге болады.

Осылайша, біз қарастырып отырған қылмыстарды ажыратудағы маңызды белгілердің бірі адам өлтіру уақытында аффекттің болуы саналады.

Алайда, қатты жан күйзелісіне (аффектке) тек қана жәбірленушінің құқыққа қайшы іс-әрекеттері болғанда ғана қылмыстық-құқықтық маңыз беріледі. Осыған байланысты төбелестің жәбірленуші тарапынан арандату пайда болғанын анықтау қажет. Сонымен бірге, егер төбелес немесе ұрыс-керіс кінәлі тарапынан болған арандату негізінде пайда болған жағдайларда аффект жағдайы туындады дегенмен де, оны қолдануға мүмкіндік жоқ екенін айта кету керек.

Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру оқиғалық мәжбүрліктен, жәбірленушінің арандатушылық мінез-құлқынан туындайды. Қатты жан күйзелісі кінәлінің мінез-құлқына мейлінше ықпал ететін адам өлтіруге ерекше эмоционалды бояу береді. Көп жағдайда мұндағы кінәлінің әрекеттері мақсатқа сай сипатқа ие болмайды және соңғы нүктеге жақындаған сайын эмоционалды күйзеліс автоматты түрде екпінді сыртқа шыға бастайды.

Аффект қылмыстың мақсатына да өзіндік із қалдырады. Қатты жан күйзелісі жағдайында түпкілікті мақсат айқын көрініс таппайды, көп жағдайда ол тек әрекетпен жасалады. Аффект болмаған жағдайда төбелесте туындаған эмоционалды күйзелістер кінәлінің өз мінез-құлқының себебін және түпкі мақсатын оның толықтай сезінуіне кедергі келтірмейді.

Осылайша, жоғарыдағыларды қорытындылай келе, ҚР ҚК-нің 99-бабы мен 101-бабының құрамдарын ажыратуда қылмыс құрамының объективтік жағымен қатар, субъективтік жағына да аса мән берілуі қажет деп есептейміз. Қылмысты жасаудың себептерін, сондай-ақ ниеті мен мақсатын анықтау мен мұқият талдау – аффект жағдайында жасалған адам өлтіруді төбелес не ұрыс-керіс нәтижесінде жасалған адам өлтіруден ажыратудың ең маңызды алғышарттарының бірі.

Адам өлтіру қылмыстарын саралауда аса қиындық туғызатын тұстарының бірі қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде адам өлтіру мен аффект жағдайында адам өлтіруді ажыратуда туындайды. Профессор А.И. Рарогтың пайымдауынша, аффект бұл сыртқы қолайсыз жағдайлардан туындайтын адамның психикалық жағдайы және өзіне тән шектелген заңдық мәнге ие болады. Оның пікірінше, аффект қылмыстың субъективтік жағын емес, кінәлінің тұлғасын суреттейді [12]. Сонымен бірге, аффект қажетті қорғаныс шеңберінде де көрініс табуы мүмкін. Сондықтан тәжірибеде осындай жағдайлардағы әрекеттерді бағалауда қателіктер жіберіліп, қажетті қорғаныс шегіндегі әрекеттер ҚР ҚК-нің 101-бабымен саралануы мүмкін.

Жоғарыда айтқанымыздай, аффект жағдайында жасалған адам өлтіру қажетті қорғаныспен және де қорғаныс эксцессімен де ұқсас болып келеді. Оларды ұқсастыратын тұсы бастапқы кезеңдегі жәбірленушінің құқыққа қайшы мінез-құлқынан пайда болатын жағдай. Осы екі құрамда да қол сұғушылықтың қауіп болуы, табан астында кінәлінің жан күйзелісіне ұшырауы, жәбірленушінің жағымсыз мінез-құлқының бар болуы тән. Мұндай ұқсастықтар сот тарапынан қате бағалануы мүмкіндігі зор, айталық өзін-өзі қорғаушының әрекеттері қажетті қорғаныс жағдайында емес аффект жағдайында болып есептелуі мүмкін. Бұл адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға емес, оны қылмыс жасағаны үшін жауаптылыққа тартуға алып келуі мүмкін.

Екеуінің айырмашылықтарына келер болсақ, аффект жағдайында адам өлтіру, көбінесе жәбірленуші тарапынан зорлық-зомбылық әрекеттері аяқталғаннан кейін орын алады. Сонымен қатар, қажетті қорғаныс нақты және шынайы қоғамға қауіпті шабуыл болған жағдайда ғана қолданылатынын да естен шығармауымыз керек. Сондықтан, қажетті қорғаныс ҚР ҚК-нің 101-бабында көзделген қорлау, ауыр балағаттау, өзге де құқыққа қайшы мен бейморалдық іс-әрекеттер болған жағдайда қолданыла алмайды десек те болады. Қажетті қорғаныс жағдайы мұндай әрекеттерден туындай алмайды. Осының негізінде, ұқсас деп жәбірленуші тарапынан қол сұғушылық (зорлық-зомбылық әрекеттер) болған жағдайда ғана айта аламыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, кінәліге қарсы зорлық-зомбылық іс-әрекеттері аяқталған, және қарсы әрекеттер өзін-өзі қорғау себептерінен емес, аффект жағдайы туындатқан қатты жан күйзелісінен туындаған болса адам өлтіру ҚР ҚК-нің 102-бабымен емес, 101-бабымен саралануға жатады. Аффект жағдайы мен қажетті қорғаныс жағдайы өзінің әлеуметтік және құқықтық мәні бойынша екі түрлі құбылыс.

Қорытынды

Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру қылмыстарын өзге адам өлтіру қылмыстырамен ажыратудың теориясы мен тәжірибесін зерттей келе төмендегідей тұжырымдар мен ұсыныстарға келдік:

1. Аффект - бұл табан астында пайда болатын және бұл жағдайда кінәлі тұлға өз әрекеттерінің сипатын сезінбейтін немесе толық көлемде сезіне алмайтын адамның ерекше психикалық жағдайы. Құқықтық мәні бойынша аффект – бұл заңдық маңызы бар эмоционалды жағдайлардың жиынтығын анықтауға мүмкіндік беретін, құқық нормаларында белгіленген белгілі бір талаптарға сай ұғым. Аффект (қатты жан күйзелісі) жағдайы дегенде психологиялық факторларға байланысты тұлға өзінің әрекеттерінің сипатын толық көлемде түсінуге мүмкіндік бермейтін міндетті түрде адамда табан астында пайда болатын қысқа мерзімді психикалық жағдайы – физиологиялық аффект деп түсінуіміз қажет. Және де мұндай жағдайдың адамның психикалық науқасымен ешқандай байланысы жоқ. Аффект ұғымын біркелкі қолдану мақсатында ҚР Жоғары Сотының «Аффект жағдайында адам өлтірудің тәжірибесі» Қаулысын қабылдап, онда аффектке нақты ұғым беру ұсынылады.

2. Қылмыс құрамын өзге адам өлтіру қылмыстарынан ажыратудың басты ерекшелігі мұндағы жәбірленушінің қылмыс алдындағы ерекше мінез-құлқы. Яғни жәбірленуші адам өлтіру қылмысына кінәліні өзінің зорлық-

зомбылық көрсетуімен, қорлау не ауыр балағаттауымен, құқыққа қайшы өзге де әрекеттерімен, бейморалдық іс-әрекеттерімен итермелейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, сот тергеуін жүргізуде анықтайтын мәселелердің ең бастысы да осы жәбірленушінің қылмысқа дейінгі мінез-құлқы болуы тиіс.

3. Субъективтік жағының басты ерекшелігі қылмыстың тікелей немесе жанама қасақаналықпен жасалуы, алайда қылмысқа дайындалу, оқталу сатыларының болмауымен ерекшеленеді, себебі қылмыстық ниет табан асты жәбірленушінің құқыққа қайшы әрекеттері мен бейморалдық іс-әрекеттері нәтижесінде туындаған қатты жан күйзелісінің (аффект) әсерінен пайда болады.

4. ҚР ҚК-нің 101-бабында қаралған қылмыс субъектісінің басты ерекшелігі оның жәбірленушінің тарапынан көрсетілген құқыққа қайшы әрекеттері мен бейморалдық іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындайтын қатты жан күйзелісі (аффект) жағдайында болуы. Осыған сәйкес қылмыс субъектісін арнайы субъект деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

2 Коржумбаева Т.М., Абдуллина С.Х. К вопросу о заказных убийствах: исторический аспект // Ғылым - Наука. – 2023. - №3. – С. 73-79. DOI: 10.47450/2306-451X-2023-78-3-73-78.

3 Доклад о ситуации с правами человека в Казахстане за 2020 год // <https://kz.usembassy.gov/ru/2020-country-reports-on-human-rights-practices-kazakhstan-ru/> (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

4 Козкина А. Аффект – не психическое расстройство. Он может быть у любого. Кого и как судят за убийства в состоянии «сильного душевного волнения» // <https://zona.media/article/2020/10/13/crime-of-passion> (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

5 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлік: оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б. 24-26.

6 Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының сайты // <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?view=generalization&category=22&content=classes&article=1335> (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

7 Ибраев А.З. Криминология: учеб.-метод. пособие. – Костанай: КСТУ им. акад. З.Алдамжар, 2016. - С. 87.

8 Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы: ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік Қаулысы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_ (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

9 Выстрел в голову: в Талдыкормане раскрыли убийство военнослужащего // <https://ru.sputnik.kz/20200204/taldykorgan-ubiystvo-voennosluzhaschiy-12733239.html> (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

10 Адам өлтіру қылмыстары бойынша істерді қарау сот практикасын қорыту // <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?view=generalization&category=22&content=classes&article=1340> (жүгінген күні 06.01.2024 ж.).

11 Алматы облыстық ауданаралық мамандандырылған қылмыстық сотының материалдары. Сот архивінен. 6-бөлім, 571-іс.

12 Чугунов А.А. Ответственность за убийство, совершенное в состоянии аффекта: автореф. ... канд.юр. наук. – М., 2008.

REFERENCES

1 Kazakstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi: Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 3 shildedegi №226-V KRZ kodeksi // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

2 Korzhumbaeva T.M., Abdullina S.Kh. K voprosu o zakaznykh ubiystvakh: istoricheskii aspekt // Gylım - Nauka. – 2023. - №3. –S. 73-79. DOI: 10.47450/2306-451X-2023-78-3-73-78.

2 Doklad o situatsii s pravami cheloveka v Kazakstane za 2020 god // <https://kz.usembassy.gov/ru/2020-country-reports-on-human-rights-practices-kazakhstan-ru/> (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

3 Kozkina A. Affekt – ne psicheskoe rasstroistvo. On mozhet byt u lyubogo. Kogo i kak sudyat za ubijstva v sostoyanii «silnogo dushevnoho volneniya» // <https://zona.media/article/2020/10/13/crime-of-passion> (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

4 Agybaev A.N. Kylmystyk kuyk: Erekshe bolik: okulyk. – Almaty: Zheti Zhargy, 2015. – B. 24-26.

5 Kazakstan Respublikasynyn Zhogargy Sotynyn saity // <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?view=generalization&category=22&content=classes&article=1335> (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

6 Ibraev A.Z. Kriminologiya: uchebno-metodicheskoe posobie. – Kostanai: KSTU im. akad. Z.Aldamzhar, 2016. - S. 87.

7 Adamnyn omiri men densaulygyna karsy keibir kylmystyk kuyk buzushelektardy saralay turaly: KR Zhogargy Sotynyn 2007 zhylygy 11 mamyrdayy №1 Normativtik kaulysy // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_ (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

8 Vystrel v golovu: v Taldykorgane raskryli ubiystvo voennosluzhashchego // <https://ru.sputnik.kz/20200204/taldykorgan-ubiystvo-voennosluzhaschiy-12733239.html> (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

9 Adam oltiru kylmystary boiynsha isterdi karau sot praktikasyn korytu // <http://office.sud.kz/forumTaldau/forum.xhtml?view=generalization&category=22&content=classes&article=1340> (zhugingen kuni 06.01.2024 zh.).

10 Almaty oblystyk audanaralyk mamandandyrylgan kylmystyk sotynyn materialdary. Sot arkhivinen. 6-bolim, 571-is

11 Chugunov A.A. Otvetstvennost za ubiystvo, sovershennoe v sostoyanii : avtoref. dis. ... kand. yurid. nauk. – M., 2008.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Болат Жолдасбекович Айтимов - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры. Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., Қаратал ш/а, 101-52. E-mail: bola_30081978@mail.ru.

Бахтыгуль Кененсарыевна Чингаева – заң ғылымдарының кандидаты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері. Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., Бірлік ш/а, 26-30. E-mail: nauka_bk@mail.ru.

Динара Ибрагимовна Ашимова – заң ғылымдарының магистрі, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті құқық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері. Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., Жастар ш/а, 198-15. E-mail: dinastie_galiktdk@mail.ru.

Айтимов Болат Жолдасбекович – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, ассоциированный профессор высшей школы права и экономики Жетысуского университета им. И. Жансугурова. Республика Казахстан, г. Талдыкорган, мкр. Каратал, 101-52. E-mail: bola_30081978@mail.ru.

Чингаева Бахтыгуль Кененсарыевна – кандидат юридических наук, преподаватель-лектор высшей школы права и экономики Жетысуского университета им. И. Жансугурова. Республика Казахстан, г. Талдыкорган, мкр. Бирлик, 26-30. E-mail: nauka_bk@mail.ru.

Ашимова Динара Ибрагимовна – магистр юридических наук, преподаватель-лектор высшей школы права и экономики Жетысуского университета им. И. Жансугурова. Республика Казахстан, г. Талдыкорган, мкр. Жастар, 198-15. E-mail: dinastie_galiktdk@mail.ru.

Bolat Aitimov – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Associate Professor at the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I. Zhansugurov. Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, Karatal microdistrict, 101-52. E-mail: bola_30081978@mail.ru.

Baktygul Chingaeva – Candidate of Juridical Sciences, Lecturer at the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I. Zhansugurov. Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, Birlik microdistrict, 26-30. E-mail: nauka_bk@mail.ru.

Dinara Ashimova – Master of Juridical Sciences, Lecturer at the Higher School of Law and Economics of Zhetysu University named after I. Zhansugurov. Republic of Kazakhstan, Taldykorgan, Zhastar microdistrict, 198-15. E-mail: dinastie_galiktdk@mail.ru.

КИБЕРНАСИЛИЕ КАК ФОРМА ДОМАШНЕГО НАСИЛИЯ**Е.С. Акимжанов**

кандидат юридических наук

Костанайская академия МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева

Аннотация. Значимость исследования проблемы кибернасилия как формы домашнего насилия обусловлена повышением роли информационно-коммуникационных технологий в жизнедеятельности практически каждого современного человека. Плотное встраивание возможностей, которые предоставляет использование виртуального пространства, помимо позитивных результатов, связанных с фактическим стиранием границ и усилением доступности межличностного взаимодействия, влечет и негативные последствия. Связаны они прежде всего с возможностью посредством использования анонимизации, предоставляемой сетью Интернет, преследовать или запугивать, а также осуществлять иные действия агрессивного и/или унижительного характера, в том числе в отношении членов семьи (включая бывших).

В статье раскрываются особенности кибернасилия в качестве одной из форм домашнего насилия. Констатируется взаимосвязь интенсификации кибернасилия в условиях бурного развития информационно-коммуникационных технологий и увеличения общедоступности Интернета.

В целях исследования поставленной проблемы, установления специфики кибернасилия как формы домашнего насилия применены: методы анализа и синтеза, способствующие раскрытию содержательных элементов кибернасилия в системе домашнего насилия; функциональный, системно-структурный, формально-логический методы, позволяющие определить проблемные аспекты и перспективы повышения эффективности противодействия кибернасилию как форме домашнего насилия.

Обосновывается вывод о том, что с виртуализацией взаимодействия между субъектами увеличились случаи угроз и преследования в Интернете, что существенно осложняет борьбу с домашним насилием. Выявлены специфические характеристики кибернасилия, проявляющиеся в симбиозе психологического и/или сексуального насилия, которое осуществляется с применением информационно-коммуникационных технологий. Предложено для надлежащего реагирования на проявления исследуемого вида домашнего насилия дополнить ст. 4 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия» еще одной формой – кибернасилие.

Ключевые слова: кибернасилие, домашнее насилие, кибербуллинг, информационно-коммуникационные технологии, Интернет.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ РЕТІНДЕ**Е.С. Акимжанов**

заң ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Аңдатпа. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде кибернасилие мәселесін зерттеудің маңыздылығы іс жүзінде әрбір заманауи адамның өміріндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлінің артуына байланысты. Виртуалды кеңістікті пайдалану мүмкіндіктерінің тығыз ендірілуі, шекараларды нақты өшіруге және тұлғааралық қарым-қатынастың қол жетімділігін арттыруға байланысты оң нәтижелерден басқа, теріс салдарға әкеледі. Олар, ең алдымен, Интернет желісі ұсынатын анонимизацияны пайдалану, қудалау немесе қорқыту, сондай-ақ агрессивті және/немесе қорлайтын сипаттағы, оның ішінде отбасы мүшелеріне (бұрынғы мүшелерін қоса алғанда) қатысты өзге де әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігімен байланысты.

Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бір түрі ретінде киберқорлықтың ерекшеліктері көрсетілген. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және Интернетке қол жетімділіктің артуы жағдайында киберқорлықты күшейтудің өзара байланысы көрсетілген.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық нысаны ретінде киберқауіпсіздіктің ерекшелігін белгілеудің қойылған проблемасын зерттеу мақсатында: тұрмыстық зорлық-зомбылық жүйесіндегі киберқауіпсіздіктің мазмұндық элементтерін ашуға ықпал ететін талдау және синтездеу әдістері; тұрмыстық зорлық-зомбылық нысаны ретінде киберқауіпсіздікке қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттырудың проблемалық аспектілері мен перспективаларын айқындауға мүмкіндік беретін функционалды, жүйелік-құрылымдық, формальды-логикалық әдістер қолданылды.

Интернеттегі қауіп-қатер мен қудалау жағдайлары субъектілер арасындағы өзара әрекеттесуді виртуалдандырумен өсті, бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресті едәуір қиындатады деген тұжырым негізделген. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын психологиялық және/немесе жыныстық зорлық-зомбылықтың симбиозында көрінетін киберқорлықтың ерекше сипаттамалары анықталды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зерттелетін түрінің көріністеріне тиісінше ден қою үшін «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабын тағы бір нысан - киберқорлықпен толықтыру ұсынылды.

Түйін сөздер: киберқауіпсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, кибербуллинг, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Интернет.

CYBERVIOLENCE AS A FORM OF DOMESTIC VIOLENCE

Akimzhanov E.S.

Candidate of Juridical Sciences

Kostanay Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh. Kabyrbayev

Annotation. The importance of studying the problem of cyberviolence as a form of domestic violence is due to the increasing role of information and communication technologies in the life of almost every modern person. The dense embedding of the opportunities provided by the use of virtual space, in addition to the positive results associated with the actual blurring of boundaries and increased accessibility of interpersonal interaction, also entails negative consequences. They are primarily related to the possibility, through the use of anonymization provided by the Internet, to harass or intimidate, as well as to carry out other aggressive and/or humiliating actions, including against family members (including exes).

The article reveals the features of cyberbullying as one of the forms of domestic violence. The interrelation between the intensification of cyber violence in the context of the rapid development of information and communication technologies and the increase in the accessibility of the Internet is stated.

In order to study the problem of establishing the specifics of cyber violence as a form of domestic violence, the following methods were used: analysis and synthesis methods that contribute to the disclosure of the meaningful elements of cyber violence in the system of domestic violence; functional, systemic-structural, formal-logical methods that identify problematic aspects and prospects for improving the effectiveness of countering cyber violence as a form of domestic violence.

The conclusion is substantiated that with the virtualization of interaction between subjects, cases of threats and harassment on the Internet have increased, which significantly complicates the fight against domestic violence. The specific characteristics of cyber violence are revealed, manifested in a symbiosis of psychological and/or sexual violence, which is carried out using information and communication technologies. It is proposed to supplement the article for an appropriate response to the manifestations of the studied type of domestic violence. 4 of the Law of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2009 No. 214-IV "On the prevention of domestic violence", another form is cyberviolence.

Keywords: cyberviolence, domestic violence, cyberbullying, information and communication technologies, the Internet.

Введение

В современном мире домашнее насилие является одной из наиболее актуальных проблем общества, не нашедших унифицированного разрешения. Оно нарушает права и свободы человека, психологически и физически травмирует жертву, имеет негативные последствия для общества в целом. Для Республики Казахстан эта проблема касается не только физического, но и психологического, экономического и сексуального насилия. На современном этапе в связи с развитием информационно-коммуникационных технологий и увеличением использования Интернета появилась новая форма домашнего насилия – кибернасилие, что существенно усложнило борьбу с домашним насилием.

По результатам анализа юридической (М.А. Филатова, М.М. Vreux, М. Dragomir, Р. Tertereanu, А.М. Țîțu) и психологической (Е.С. Ефимова) литературы определяются характерные признаки кибернасилия в соотношении с домашним насилием.

Исследование практики Европейского Суда по правам человека (далее – ЕСПЧ) позволяет выявить возможные направления повышения эффективности кибернасилия с обоснованием перспектив совершенствования законодательства Республики Казахстан в обозначенной сфере.

Целью статьи является раскрытие содержания и выявление специфики кибернасилия как формы домашнего насилия, а также актуализация направлений противодействия кибернасилию с целью повышения эффективности противодействия домашнему насилию в целом.

Основная часть

В ст. 4 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия» [1] предусмотрены следующие формы домашнего насилия: физическое, психологическое, сексуальное и экономическое. Наряду с этим в научной литературе выделяют кибернасилие как самостоятельную форму домашнего насилия [2, с. 552], поскольку для его совершения используются специфические электронные средства связи и информационно-коммуникационные технологии. Оно может включать в себя распространение частных фото или видео без согласия жертвы, слежку за ней в Интернете, шантаж, кибербуллинг и прочее. Кибернасилие может быть особенно вредным, поскольку имеет длительные последствия для жертвы и ее психического здоровья, и может усиливать существующую ситуацию домашнего насилия.

Так, еще в 2018 году в докладе Совета ООН по правам человека по вопросам насилия в отношении женщин, его причин и последствий, о насилии в Интернете в отношении женщин и девушек указывалось, что в современную цифровую эпоху Интернет и информационно-коммуникационные технологии генерируют социальные цифровые пространства и трансформируют взаимодействие индивидов, что закономерно влияет и на применение обозначенных возможностей для насильственных проявлений по отношению к женщинам (а в целом – и к иным актуальным или бывшим членам семьи) [3].

Ученые определяют кибернасилие как:

– систематические умышленные действия со стороны лица или группы лиц (чаще подростков) с использованием информационно-коммуникационных средств, направленные против другого лица (лиц), характеризующиеся созданием враждебной, унижительной обстановки [4];

– «в широком смысле под ним можно понимать любые насильственные преступления, совершаемые с

использованием информационно-телекоммуникационных технологий, в узком – акт психического насилия, совершаемый в отношении отдельных лиц с использованием информации и телекоммуникационных технологий» [5, с. 51];

– цифровое измерение насилия, которое совершается, сопровождается или усугубляется частично или полностью с помощью информационно-коммуникационных технологий, таких как мобильные телефоны и смартфоны, Интернет, платформы социальных сетей или электронная почта, устройства для отслеживания геолокации, беспилотные летательные аппараты и устройства, не подключенные к Интернету записывающие устройства и искусственный интеллект и оказывают непропорциональное воздействие на жертву [6].

Комитет Конвенции о киберпреступности определяет кибернасилие как «использование компьютерных систем для причинения, содействия или угрозы насилия против личности, что приводит или может привести к физическому, сексуальному, психологическому или экономическому вреду, или страданиям и может включать в себя использование обстоятельств, характеристик или уязвимости личности» [7].

Кибернасилию как явлению присущи такие признаки: 1) выступает агрессивной формой насилия; 2) объектом кибернасилия могут быть как знакомые, так и незнакомые лица; 3) осуществляется с применением средств электронных коммуникаций; 4) имеет целью унижение человека, досаждение ему, провоцирование конфликтных ситуаций.

Также в научной литературе определяется, что кибернасилие предусматривает: отправку электронных писем, текстовых сообщений (SMS) или других мгновенных сообщений оскорбительного или угрожающего характера; размещение оскорбительных комментариев относительно лица в сети Интернет; распространение интимных фотографий или видеозаписей с помощью средств электронных коммуникаций [8].

Отдельно ученые выделяют кибербуллинг и определяют его как «буллинг, осуществляемый с применением средств электронных коммуникаций» [9, с. 65-66]; агрессия и жестокость с целью досады, унижения человека.

Формами кибербуллинга являются: харассмент или домогательства; социальное исключение; киберсталкинг или преследование с угрозой причинения вреда офлайн; флеминг или враждебные речевые выпады; клевета; публичное разоблачение конфиденциальной или компрометирующей информации; персонация или выдача себя за другое лицо; хеппи слэппинг или съемка проявлений буллинга; киберсексуальный буллинг.

Рассматривая вопрос кибернасилия представляется важным проанализировать решения ЕСПЧ по данному вопросу. Так, в деле «Бутуруга против Румынии» (2020 год) [10] суд впервые рассмотрел явление кибербуллинга как разновидность насилия в отношении женщин. В данном решении указано, что заявительница пожаловалась на насильственное поведение своего бывшего мужа в органы власти. Заявительница утверждала, что ее бывший муж неправомерно заходит на ее электронные аккаунты (например, фейсбук), без разрешения просматривает электронную почту, частную переписку, делает копии фото, видео и ее разговоров. Заявительница подала ходатайство об электронном обыске содержимого семейного компьютера, однако ей было отказано на основании, что вероятная информация, полученная в результате такого обыска, не касалась бы утверждаемых правонарушений, совершенных ее бывшим мужем. Следующая жалоба заявительницы тоже была отклонена без рассмотрения по существу. Как результат – мужчина получил административный штраф. Однако уголовное производство было прекращено из-за отсутствия общественной опасности деяния, ведь такое вмешательство в личную жизнь женщины не несет угрозу для нее. Кроме того, последняя инстанция пришла к выводу, что часть информации из соцсетей и так является общедоступной. Показательно, что органы власти вообще не рассматривали такие деяния в аспекте домашнего насилия.

В анализируемом решении ЕСПЧ отметил, что домашнее насилие не ограничивается только случаями физического насилия, но может предусматривать, наряду с другими формами, психологическое насилие или домогательства. Кибербуллинг может выражаться в различных формах: в нарушении права на частную жизнь, во вмешательстве в компьютер жертвы, в манипуляции информацией или изображениями, в том числе частного характера. Суд признал, что при расследовании дел о домашнем насилии, национальные органы власти могут принимать во внимание такие действия, как незаконное наблюдение за перепиской партнера, доступ к ней или ее сохранение. То есть в категорию домашнего насилия попадает и кибернаблюдение, которое часто осуществляется близким партнером лица.

При этом ЕСПЧ подчеркнул, что в случае расследования дел о домашнем насилии, следует применять комплексный подход. Подытоживая, кибернасилие признано одним из видов насилия в контексте ст.ст. 3, 8 Конвенции.

Еще одним важным решением по данному аспекту является решение ЕСПЧ по делу «Володина против России» (2021 г.) [11]. Заявительница жаловалась на отсутствие надлежащей защиты со стороны национальных органов от кибернасилия (публикация интимных фото без согласия, преследование и выдача себя за другое лицо), а также обеспечить проведение эффективного расследования этих действий.

Решение связано с предыдущим делом той же заявительницы ЕСПЧ «Володина против России» (2019 г.) [12] относительно домашнего насилия и ненадлежащей законодательной системы его противодействия. В решении 2019 г. ЕСПЧ признал наличие жестокого обращения (физического и психологического) с заявительницей со стороны ее бывшего партнера и установил нарушение ст. 3 Конвенции (запрет пыток, бесчеловечного и унижающего достоинство обращения). В деле 2021 г. заявительница жаловалась на отсутствие надлежащей защиты со стороны национальных органов именно от кибернасилия. Заявительница страдала от многочисленных кибератак со стороны своего бывшего партнера (взлом почтового ящика, установка фейковых профилей и т.д.).

ЕСПЧ отмечал, что государство несет одинаковые обязательства как по актам оффлайн, так и онлайн насилия. То есть государство обязано принять эффективные законы, предотвратить насилие и провести эффективное расследование насилия. Таким образом, ЕСПЧ признал, что насилие в интернете является формой насилия в отношении человека и то, что кибернасилие тесно связано с оффлайн насилием в жизни и является еще одним аспектом домашнего насилия. ЕСПЧ указал на обязанность государства защищать человека от кибернасилия. Соответственно, суд продолжил свою позицию, которую определил в решении «Бутуруга против Румынии» и признал кибернасилие как одну из форм домашнего насилия.

При этом важно заметить, что в 2022 г. Европейская комиссия приняла предложение, которое предусматривает необходимость выделения и реагирования на кибернасилие в отношении женщин [13].

Заключение

Принимая во внимание выявленные характеристики кибернасилия, целесообразным представляется вывод о симбиозе в нем психологического и/или сексуального насилия, реализуемого с использованием информационно-коммуникационных технологий, считаем, что для надлежащего реагирования на проявления такого противоправного поведения и в соответствии с практикой ЕСПЧ целесообразно дополнить ст. 4 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия» еще одной формой – кибернасилие.

При этом кибернасилие как форма домашнего насилия в соответствии с практикой ЕСПЧ, среди прочего, выражается в следующих действиях – взлом или вмешательство в использование профилей в социальных сетях и в иных ресурсах; выдача субъектом насилия себя за другое лицо, преимущественно – его жертву; наблюдение за жизнью жертвы с использованием онлайн-технологий и/или ее преследование; рассылка нежелательных сообщений (спама) с целью угроз и/или запугивания; распространение недостоверных сведений о жертве.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 О профилактике бытового насилия: Закон Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года № 214-IV (с изм. и доп. по сост. на 01.07.2023 г.) // «Егемен Қазақстан». - 2009. - 12 желтоқсан.
- 2 Tertoreanu P., Dragomir M., Țițu A.M. Cyber Violence Form of Domestic Violence // International Conference «New Technologies, Development and Applications». – 2023. – P. 550-556.
- 3 Report of the Special Rapporteur on violence against women, its causes and consequences on online violence against women and girls from a human rights perspective (A/HRC/38/47) // [Электронный ресурс] - Режим доступа: https://eos.cartercenter.org/uploads/document_file/path/879/UNHRC_SpecRappVAW_OnlineViolence_EN_.pdf.
- 4 Breaux M.M. Domestic Violence and Cybervictimization: The Facts // [Электронный ресурс] - Режим доступа: https://dev.cjcenter.org/_files/cvi/October%202020%20Fact%20Sheet.pdf_1601995005.pdf.
- 5 Филатова М.А. Киберхарассмент: основания запрета по российскому и зарубежному уголовному законодательству // Вестник Московского университета. Серия 11. Право. – 2020. – № 3. – С. 48-66.
- 6 The digital dimension of violence against women as addressed by the seven mechanisms of the EDVAW Platform // [Электронный ресурс] - Режим доступа: https://www.ohchr.org/sites/default/files/documents/hrbodies/cedaw/statements/2022-12-02/EDVAW-Platform-thematic-paper-on-the-digital-dimension-of-VAW_English.pdf.
- 7 Mapping study on cyberviolence with recommendations adopted by the T-CY on 9 July 2018 // [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://tm.coe.int/t-cy-mapping-study-on-cyberviolence-final/1680a1307c>.
- 8 Combating Cyber Violence against Women and Girls // [Электронный ресурс] - Режим доступа: https://eige.europa.eu/sites/default/files/documents/combating_cyber_violence_against_women_and_girls.pdf.
- 9 Ефимова Е.С. Кибербуллинг как проблема психопедагогики виртуальных сред // Успехи в химии и химической технологии. – 2014. – № 7. – С. 65-66.
- 10 Case of Buturugă v. Romania ((Application no. 56867/15) // [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://hudoc.echr.coe.int/#{"tabview":\["document"\],"itemid":\["001-201342"\]}](https://hudoc.echr.coe.int/#{).
- 11 Case of Volodina v. Russia (No. 2) (Application no. 40419/19) // [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://hudoc.echr.coe.int/#{"tabview":\["document"\],"itemid":\["001-211794"\]}](https://hudoc.echr.coe.int/#{).
- 12 Case of Volodina v. Russia (Application no. 41261/17) // [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://hudoc.echr.coe.int/#{"tabview":\["document"\],"itemid":\["001-194321"\]}](https://hudoc.echr.coe.int/#{).
- 13 Proposal for a DIRECTIVE OF THE EUROPEAN PARLIAMENT AND OF THE COUNCIL on combating violence against women and domestic violence // [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:52022PC0105>.

REFERENCES

- 1 О профилактике бытового насилия: Закон Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года № 214-IV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2023 г.) // «Егемен Қазақстан». - 2009. - 12 желтоқсан.
- 2 Tertoreanu R., Dragomir M., Țițu A.M. Cyber Violence Form of Domestic Violence // International Conference «New Technologies, Development and Applications». – 2023. – R. 550-556.
- 3 Report of the Special Rapporteur on violence against women, its causes and consequences on online violence against women and girls from a human rights perspective (A/HRC/38/47) // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: https://eos.cartercenter.org/uploads/document_file/path/879/UNHRC_SpecRappVAW_OnlineViolence_EN_.pdf.
- 4 Breaux M.M. Domestic Violence and Cybervictimization: The Facts // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: https://dev.cjcenter.org/_files/cvi/October%202020%20Fact%20Sheet.pdf_1601995005.pdf.

5 Filatova M.A. Kiberharassment: osnovaniya zapreta po rossijskomu i zarubezhnomu ugovnomu zakonodatel'stvu // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 11. Pravo. – 2020. – № 3. – S. 48-66.

6 The digital dimension of violence against women as addressed by the seven mechanisms of the EDVAW Platform // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: https://www.ohchr.org/sites/default/files/documents/hrbodies/cedaw/statements/2022-12-02/EDVAW-Platform-thematic-paper-on-the-digital-dimension-of-VAW_English.pdf.

7 Mapping study on cyberviolence with recommendations adopted by the T-CY on 9 July 2018 // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: <https://rm.coe.int/t-cy-mapping-study-on-cyberviolence-final/1680a1307c>.

8 Combating Cyber Violence against Women and Girls // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: https://eige.europa.eu/sites/default/files/documents/combating_cyber_violence_against_women_and_girls.pdf.

9 Efimova E.S. Kiberbulling kak problema psihopedagogiki virtual'nyh sred // Uspekhi v himii i himicheskoj tekhnologii. – 2014. – № 7. – S. 65-66.

10 Sase of Buturugă v. Romania ((Application no. 56867/15) // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: [https://hudoc.echr.coe.int/#{«tabview»:\[«document»\],«itemid»:\[«001-201342»\]}](https://hudoc.echr.coe.int/#{«tabview»:[«document»],«itemid»:[«001-201342»]}).

11 Sase of Volodina v. Russia (No. 2) (Application no. 40419/19) // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: [https://hudoc.echr.coe.int/#{«tabview»:\[«document»\],«itemid»:\[«001-211794»\]}](https://hudoc.echr.coe.int/#{«tabview»:[«document»],«itemid»:[«001-211794»]}).

12 Sase of Volodina v. Russia (Application no. 41261/17) // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: [https://hudoc.echr.coe.int/#{«tabview»:\[«document»\],«itemid»:\[«001-194321»\]}](https://hudoc.echr.coe.int/#{«tabview»:[«document»],«itemid»:[«001-194321»]}).

13 Proposal for a DIRECTIVE OF THE EUROPEAN PARLIAMENT AND OF THE COUNCIL on combating violence against women and domestic violence // [Elektronnyj resurs] - Rezhim dostupa: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:52022PC0105>.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Ерик Серикович Акимжанов – заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі. Қазақстан Республикасы, Қостанай қ., Абай даңғ., 11. E-mail: er.ema@bk.ru.

Акимжанов Ерик Серикович – кандидат юридических наук, заместитель начальника кафедры уголовного процесса и криминалистики Костанайской академии МВД Республики Казахстан им. Ш.Кабылбаева, подполковник полиции. Республика Казахстан, г. Костанай, пр. Абая, 11. E-mail: er.ema@bk.ru.

Erik Akimzhanov – Candidate of Juridical Sciences, Deputy Head of the Department of Criminal Procedure and Criminalistics of the Kostanay Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh. Kabylybaev, Police Lieutenant Colonel. Republic of Kazakhstan, Kostanay, Abai Ave., 11. E-mail: er.ema@bk.ru.

**ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ӘКІМШІЛІК
ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК****А.А. Амангельды**

заң ғылымдарының докторы

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы**Т.Т. Дүсебаев**

заң ғылымдарының кандидаты

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада зияткерлік меншіктің қандай да бір аспектілерін реттейтін жария құқық нормалары талданған. Зияткерлік меншік құқығы азаматтық құқықтың кіші саласы бола тұра, жеке құқықтың нормаларынан ғана емес, сондай-ақ жария құқықтың нормаларынан тұрады, яғни заңнаманың кешенді саласы болып табылады. Зияткерлік меншік құқығы сондай-ақ қылмыстық заңнаманың, сонымен қатар әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнаманың нормаларымен реттеледі. Мақалада зияткерлік меншік саласындағы әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сот практикасы көрсетілген және талданған. Атап айтқанда, қылмыстық-құқықтық қорғау және авторлық құқықты қорғау тәжірибесі тергеушілік бойынша өзіндік ерекшелікке ие. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дараландыру құралдарын қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық қорғау және қорғау бойынша да осындай ерекшелік бар. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді дараландыру құралдарын қорғау бойынша сот практикасы көрсеткендей, құқық иелері, әдетте, нақты залал мен жоғалған пайданы қамтитын шығын сомасын емес, контрафактілік тауардың құнына тең ақша қаражатының сомасын өтейді. Іс жүзінде жоғалған пайда сомасын құқық иелеріне тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дараландыру құралдарын дәлелдеу проблемалы болып табылады. Сонымен зияткерлік меншік құқығы өзінің мазмұны бойынша азаматтық құқықтың кіші саласы болып табылады, өйткені құқықтық реттеудің сол пәніне, әдісіне ие, ал нысаны бойынша зияткерлік меншік құқығы кешенді заңнама саласы болып табылады, өйткені ол жеке, сондай-ақ жария заңнаманың нормаларынан тұрады.

Түйін сөздер: зияткерлік меншік құқығы, заңнаманың күрделі саласы, жария құқық нормалары, әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, құқық бұзушылық, қылмыс, жаза.

**АДМИНИСТРАТИВНАЯ И УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ПРАВОНАРУШЕНИЯ
В СФЕРЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ****Амангельды А.А.**

доктор юридических наук

Евразийская юридическая академия им. Д.А. Кунаева, Республика Казахстан, г. Алматы

Алматинская академия МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова

Дюсебаев Т.Т.

кандидат юридических наук

Евразийская юридическая академия им. Д.А. Кунаева, Республика Казахстан, г. Алматы

Аннотация. В статье проанализированы нормы публичного права, регулирующие те или иные аспекты, касающиеся интеллектуальной собственности. Право интеллектуальной собственности, являясь подотраслью гражданского права, включает в себя не только нормы частного права, но и нормы публичного права, т.е. является комплексной отраслью законодательства. Право интеллектуальной собственности также регулируется нормами уголовного законодательства, а также законодательства об административных правонарушениях. В статье показана и проанализирована судебная практика по административным и уголовным правонарушениям в сфере интеллектуальной собственности. В частности, практика по уголовно-правовой защите и охране авторских прав имеет свою специфику по подследственности. Такая же особенность по подследственности существует и по уголовно-правовой и административно-правовой охране и защите средств индивидуализации участников гражданского оборота, товаров, работ и услуг. Как показывает судебная практика по защите и охране средств индивидуализации товаров, работ и услуг правообладателям, как правило, компенсируют сумму денежных средств равную стоимости контрафактного товара, а не сумму убытков, включающую реальный ущерб и упущенную выгоду. В связи с тем, что на практике сумму упущенной выгоды проблематично доказать правообладателям средств индивидуализации товаров, работ и услуг. Таким образом, право интеллектуальной собственности по содержанию является подотраслью гражданского права, т.к. имеет один и тот же предмет, метод правового регулирования, а по форме право интеллектуальной собственности является комплексной отраслью законодательства, т.к. включает в себя нормы и частного, и публичного законодательства.

Ключевые слова: право интеллектуальной собственности, комплексная отрасль законодательства, нормы публичного права, административная ответственность, уголовная ответственность, правонарушение, преступление, наказание.

ADMINISTRATIVE AND CRIMINAL LIABILITY FOR VIOLATIONS
IN THE FIELD OF INTELLECTUAL PROPERTY LAW

Amangeldy A.A.

Doctor of Juridical Sciences

Eurasian Law Academy named after D. Kunaev, Republic of Kazakhstan, Almaty
Almaty Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbolatov

Dyussebaev T.T.

Candidate of Juridical Sciences

Eurasian Law Academy named after D. Kunaev, Republic of Kazakhstan, Almaty

Annotation. The article analyzes the norms of public law that regulate certain aspects related to intellectual property. Intellectual property law, being a sub-branch of civil law, includes not only the norms of private law, but also the norms of public law, i.e. is a complex branch of legislation. The right of intellectual property is also regulated by the norms of criminal legislation, as well as legislation on administrative offenses. The article shows and analyzes judicial practice on administrative and criminal offenses in the field of intellectual property. In particular, the practice of criminal law protection and copyright protection has its own specifics on jurisdiction. The same feature of jurisdiction exists for criminal and administrative protection and protection of means of individualization of participants in civil turnover, goods, works and services. As the judicial practice on the protection and protection of means of individualization of goods, works and services shows, copyright holders are usually compensated with an amount of money equal to the value of counterfeit goods, and not the amount of losses, including real damage and lost profits. Due to the fact that in practice it is problematic to prove the amount of lost profits to the right holders of the means of individualization of goods, works and services. Thus, the intellectual property right in content is a sub-branch of civil law, because has the same subject, the method of legal regulation, and in terms of form, intellectual property law is a complex branch of legislation, because includes both private and public law.

Keywords: intellectual property law, complex branch of legislation, public law norms, administrative responsibility, criminal liability, offense, crime, punishment.

Кіріспе

Құқық салаларын бөлу екі өлшем негізінде жүзеге асады: құқықтық реттеу пәні мен құқықтық реттеу әдісі. Сонымен бірге бірде бір құқық саласы өз бетімен орын алмайды, құқық нормалары өзара тығыз байланыста болады. Зияткерлік меншік құқығында бұл жағдайдан қалыс емес, ол шығармашылық зияткерлік қызмет аясындағы қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуін қамтамасыз ете отырып, өзге құқық салаларымен өзара байланысады.

Зияткерлік меншік құқығы азаматтық құқықпен өзара байланыста.

Л.В. Щербачеваның жазуынша, азаматтық құқық пен оның кіші саласының – зияткерлік құқықтың арақатынасын және өзара байланысын жүйедегі үлкен көлемдегі созылып жатқан құқықтық қатынастардан байқауға болады. Азаматтық құқықта - бұл меншік қатынастары, басқа да заттық құқықтық қатынастар және т.б., ал зияткерлік құқықта – бұл ғылым, әдебиет пен өнер, өнертапқыштық, селекциялық жетістік және көптеген басқалары аясындағы авторлық құқықтық қатынастар. Зияткерлік құқықтың қатынастары және кіші салалары РФ Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 1227-бабында келтірілген [1, б. 14-15]. Азаматтық құқық саласымен және зияткерлік құқық кіші саласымен реттелетін құқықтық қатынастарды талдау олардың пәндерінің арасында елеулі айырмашылықты анықтау мүмкінсіз деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді [1, б. 17].

Азаматтық құқық пен зияткерлік құқықтың пәні мүліктік қатынастар мен мүліктікпен байланысты емес жеке мүліктік емес қатынастар болып табылады, ал азаматтық құқық пен зияткерлік құқықтың әдісі диспозитивтік және императивтік әдістер болып табылады. Яғни Л.В. Щербачеваның қорытындысымен келісуге болады және сәйкесінше зияткерлік меншік құқығын азаматтық құқықтың кіші саласы ретінде тану қажет.

Өзімнің еңбектерімде біз бұл туралы бірнеше рет жазған болатынбыз және осы көзқарасты ұстанған болатынбыз [2; 3]. Зияткерлік меншік құқығы азаматтық құқықтың кіші саласы болып табылады, ал оның пәні мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар болып табылады, олар зияткерлік меншік объектілерін жасаумен және пайдаланумен байланысты туындайтын аталған қатынастарды жүзеге асыру бойынша субъектілер арасында туындайды. Аталған қатынастарды құқықтық реттеу әдісі ретінде көп жағдайда диспозитивтік әдіс орын алады, алайда жалпы алғанда императивтік әдісті қолдануда жоққа шығарылмайды.

Л.В. Щербачева әділетті атап өткендей, зияткерлік құқықтағы диспозитивтік қағидасы азаматтық құқыққа да, зерттеліп жатқан оның кіші саласына да тән рұқсат беруші реттеуге байланысты императивтік нормаларда да орын алады, зияткерлік қатынастардың жеке баспен тығыз байланысты болғандықтан, олар адам ойы мен шығармашылығының тереңдегі негіздерін қозғайды және мемлекет тарапынан оларға араласуы қатаң түрде шектелуі қажет [1, б. 23].

Сондай-ақ азаматтық құқық пен зияткерлік меншік құқығының өзара байланысы субъективтік меншік құқығы ретінде зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқық азаматтық құқықтық объектілерінің бірі болып табылатындығында көрінеді. 2017 жылғы 27 ақпандағы № 49-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық, банктік заңнаманы жетілдіру және кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ҚР АК-нің 116-бабына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес «зат» сөзі «мүлік» терминіне ауыстырылды, әрине бұл теориялық және тәжірибелік тұрғыдан өте маңызды, өйткені мүліктік құқықтар да, зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтар да айналымға қабілетті деп танылды.

Сонымен бірге ҚР АҚ-нің 14-бабына сәйкес азаматтың, өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары болады. Бұдан туындайтыны, зияткерлік меншіктің субъективтік құқығы құқық субъектіліктің негізгі құқықтық құрамдас бөлігі азаматтың құқыққа қабілеттілігінің мазмұнын құрайды.

Нәтижелер мен талдаулар. Зияткерлік меншік құқығының жария құқық салаларымен өзара әрекетінің аспектілері, дәлірек айтқанда қылмыстық және әкімшілік құқықтармен өзара әрекеті жеке назарға лайық, өйткені зияткерлік меншік құқығы объектілеріне жеке мүліктік емес және мүліктік (айрықша) құқықтарды бұзғандығы үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Атап айтқанда ҚР Қылмыстық кодексінің (әрі қарай - ҚР ҚК) 198-бабы авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу түріндегі қылмыстың құрамын, ҚР ҚК-нің 199-бабы - өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзуды, ҚР ҚК-нің 222-бабы – тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған соларға ұқсас белгіленімдерді заңсыз пайдалануды қарастырған.

ҚР ҚК-нің 198-бабымен қарастырылған іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі оны жасау нәтижесінде шығарманың авторына немесе басқада оған құқық иеленушіге материалдық зиян келтіретін айрықша авторлық немесе сабақтас құқықтар бұзылады. Талданып жатқан іс-әрекеттің объектісі ҚР Конституциясымен, сондай-ақ 1996 жылдың 10 маусымындағы «Авторлық құқықтар және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңымен кепіл берілген авторлық және сабақтас құқықтарды адам мен азаматтың жүзеге асыруы бойынша қоғамдық қатынастар болып табылады. Қылмыстың пәні ғылым, көркем, музыкалық немесе әдеби шығармалар және өзгелер болып табылады. Қарастырылып жатқан іс-әрекеттің объективтік жағы келесідей әрекеттерді жасаудан тұрады:

- 1) авторлықты иемденіп алу;
- 2) тең авторлыққа мәжбүрлеу;
- 3) авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану;
- 4) шығармалардың және (немесе) фонограммалардың контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау [4].

Авторлықты иемденіп алу деп өз атымен (лақап атымен) толық немесе ішінара бөтеннің шығармасын шығара отырып, өзін автор деп тұлғаның жариялауын түсіну қажетті. Авторлықты иемденіп алу деп, сондай-ақ өзге авторлармен бірге жасалған шығармаларды тең авторлардың фамилияларын көрсетпестен шығару, өзінің еңбектерінде бөтеннің шығармасын авторға сілтеме жасаусыз пайдалану түсініледі. Тең авторлыққа мәжбүрлеу деп шығарманы жасауға қатыспаған кінәлі тұлғаны тең автор ретінде көрсетуіне автордың келісімін алу мақсатында оған әртүрлі тәсілдермен (корқыту, бопсалау немесе күш қолдану арқылы) ықпал етуді түсіну қажет. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану деп заңға қайшы бөтеннің шығармасын ойнату, тарату, импорттау, көрсету, аудару немесе жариялау, автордың келісімінсіз фонограммаларды, бағдарламаларды орындау немесе қою, сондай-ақ авторға толық немесе ішінара гонорар төлеусіз; автордың келісімінсіз заңға қайшы келетін өзгерістер, толықтырулар немесе қысқартулар енгізумен заңға қайшы шығармаларды жариялау, фонограммаларды, бағдарламаларды орындау немесе қою, автордың немесе оның құқықмирасқорларының келісімінсіз шығармаларды қайта шығару және т.б. түсіну қажет. Шығармалардың немесе фонограммалардың контрафактілік даналарын заңсыз иемдену деп сатып алуды, өзге тауарларға немесе заттарға алмастыру арқылы алуды, қарызды өтеу есебінде алуды немесе сыйға алуды, тауып алынғанды иемденуді түсіну қажет. Заңсыз сақтау деп шығармалардың және (немесе) фонограммалардың контрафактілік даналарының олардың сақталу орнына (өзінде, жасырын жер, үй-жай, көлік құралы және өзгеде орындар) және уақытына қарамастан кінәлінің иелігінде іс жүзінде орын алуымен байланысты кез келген қасақан әрекетті түсіну қажет. Заңсыз алып өту деп шығармалардың және (немесе) фонограммалардың контрафактілік даналарын бір орыннан басқа орынға, сондай-ақ бір елді-мекен шегінде беруді, жіберуді, тасмалдауды түсіну қажет. Бұл әрекеттердің барлығы өткізу мақсатында жасалуы тиіс, осы жерде өткізу деп бір тұлғаның иелігінен өзге тұлғалардың иеліктеріне шығармалардың және (немесе) фонограммалардың контрафактілік даналарын заңсыз берудің немесе сатудың кез келген тәсілдерін (сату, сыйға беру, қарызын өтеуге беру, айрбастау, қарызға беру және т.б.), сондай-ақ басқада тарату тәсілдерін түсіну қажет. Құрылымы бойынша талданып жатқан құрам материалдық болып табылады, өйткені оны қылмыстық жазаланатын және аяқталған іс-әрекет деп тану үшін олардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне айтарлықтай залал немесе елеулі зиян келтіру талап етіледі [4]. ҚР ҚК-нің 3-бабының 2-тармақшасында заңшығарушы 198 және 199-баптарындағы айтарлықтай залалды және айтарлықтай мөлшерді анықтаған - айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны [5]. Қылмыстың салдары ретінде айтарлықтай залалмен келтірумен қатар жәбірленушінің құқықтарына немесе заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру қарастырылған. Елеулі зиян – бағалаушы санат. «Елеулі зиянның» белгілері заңда нақтыланбаған. Заң зиянды салдарды жалпылама нысанда анықтаған. ҚК-тің Ерекше бөлімінің 6-тарауына кіретін мұндай қылмыс құрылымы өте орынды, өйткені «... зиянды салдар әртүрлі болуы мүмкін және оларды заңда тізбектеуге мүмкіндік жоқ» [4]. Аталған іс-әрекеттің субъективтік жағы оның құрылымдық белгілері болып табылатын кінәнің тікелей қасақаналық нысанымен және мақсатымен сипатталады.

Кінәлі пайда табу мақсатында авторлық және сабақтас құқықтарды бұзып жатқандығын сезінеді және оларды бұзуды тілейді [4]. Қылмыс субъектісі ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа толған жеке тұлға болып табылады. Саралаушы белгілері ретінде қылмыстық заң келесідей мән-жайларды таныған:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) ірі мөлшерде жасалған немесе ірі залал келтірген;
- 3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекеттер.

Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған деп танылады, егер ол екі немесе оданда көп тұлғалармен алдын ала, яғни оны жасағанға дейін оны біріге отырып жүзеге асыру туралы келісе отырып жасалса [4]. ҚР ҚК-нің 3-бабының 38-тармақшасына сәйкес іс-әрекет ірі залал келтіріле отырып немесе ірі мөлшерде жасалды деп танылады, егер айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны болса [5]. Тұлға өзінің қызмет бабын пайдалана отырып авторлық және сабақтас құқықтарды бұзды деп өз құзыреті шегінде лауазымды тұлғамен жасалған, бірақ өзінің мазмұны бойынша сәйкес органның қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне қасқана қайшы келетін әрекет танылады. Егер тұрақты, ұйымдасқан топ аталған қылмысты жасау үшін алдын ала бірігетін болса, қарастырылып жатқан іс-әрекет қылмыстық топпен жасалды деп танылады [4]. ҚР ҚК-нің 3-бабының 24-тармақшасына сәйкес қылмыстық топ – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым [5].

ҚР ҚК-нің 198-бабымен қарастырылған авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу түріндегі қылмыс құрамы бойынша Қазақстан Республикасының құқық қолдану тәжірибесін қарастырайық.

2017 жылдың 15 қыркүйегінде К. қаласының О. аудандық соты ашық сот отырысында Қазақстан Республикасының ҚК-нің 198-бабының 3-тармағының 2-тармақшасымен қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған азаматқа қатысты қылмыстық істі қарады. Сот сот отырысы кезінде азаматтың 2017 жылдың наурыз айында тұрақты түрде заңсыз пайда табу мақсатында авторлық және сабақтас құқықтарды бұзуға бағытталған қылмыстық ниетке бой алдырғанын, яғни «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын айналып өте отырып, өткізу мақсатында авторлық және сабақтас құқықтардың объектілерінің контрафактілік даналарын дайындау, сақтау, алып өту түрінде авторлық және сабақтас құқық объектілерін заңсыз пайдаланғандығы анықтады. Азамат қылмыстық ниетін жүзеге асыра отырып, 2017 жылдың наурыз айында К. қаласының аумағында авторлық және сабақтас құқық объектілерін заңсыз пайдалану арқылы пайда табу мақсатында аудиовизуальды шығармаларды компакт дисктерге жазу үшін жеке компьютерін пайдаланған, сондай-ақ анықталмаған тұлғадан тағы да екі компьютер сатып алған. Әрі қарай азамат «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қасақана бұза отырып, аудиовизуальды шығармаларды көшіруге құқық иеленушінің келесімін алмастан, анықталған құрал жабдықтың көмегімен тергеумен анықталмаған көздерден ала отырып, әрі қарай оларды компакт дискілерге жазып, отандық және шетелдік фильмдер, өлеңдер және өзгеде шығармалар түріндегі аудиовизуальды шығармаларды бар компакт дисктер түрінде авторлық және сабақтас құқық объектілерінің контрафактілік даналарын дайындай бастаған. Осыдан кейін азамат принтерді пайдалана отырып жеке өзі аудиовизуальды шығармалардың атаулары бар этикеткаларды басып шығарған. Осыдан кейін азамат өзінің қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін жағдай жасап, 2017 жылдың наурыз айынан 2017 жылдың маусым айы аралығындағы кезеңде сауда орындарында сатушылар арқылы контрафактілік өнімдерді сатқан. 2017 жылдың 20 шілдесіндегі №2982 сарапшының қорытындысына сәйкес зерттеуге ұсынылған жүйелік блоктар CD-DVD форматындағы компакт дискілерге жазба жүргізудің техникалық мүмкіндіктеріне ие. 2017 жылдың 24 тамызындағы №3226/10.1 сот-тауар тану сараптамасының қорытындысына сәйкес ұсынылған 699 дана DVD-R дискілерінде ҚР аумағындағы құқық иеленушілер туралы ақпарат және қазақстандық құқық иеленушілерді қорғаудың белгілері жоқ. «Қазақстандық авторлық қоғам» Республикалық қоғамдық бірлестіктің жауабына сәйкес азаматтың әрекетімен келтірілген зиянның сомасы 2 060 000 теңгені құраған. Қылмыстық істі қарау нәтижесі бойынша сот Қазақстан Республикасының ҚК-нің 198-бабының 3-тармағының 2-тармақшасымен қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылықты жасауда кінәлі деп танып, 2 (екі) жыл мерзімге пробациялық бақылау белгілеумен, жергілікті атқарушы органдармен анықталатын орындарда 100 (жүз) сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартумен, 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындады [6].

ҚР ҚК-нің 222-бабында тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған соларға ұқсас белгіленімдерді заңсыз пайдаланғандығы үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауын, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған соларға ұқсас белгіленімдерді заңсыз пайдаланудың қоғамға қауіптілігі оны жасау нәтижесінде біздің мемлекетіміздің экономикасына айтарлықтай зиян келтірілуден тұрады. Қылмыс объектісі тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін және тауар шығарылған жердің атауын тіркеумен, құқықтық қорғаумен және пайдаланумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады. ҚР ҚК-нің 222-бабының 1-тармағы бойынша қылмыстың заты тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған соларға ұқсас

белгіленімдер болып табылады. ҚР ҚК-нің 222-бабының 2-тармағы бойынша қылмыстың заты ескертпе таңбалау болып табылады. Тауар белгісі - бұл нарық тілінің қажетті элементі. Өйткені сатып алушы үшін тауардың жалпы құны оның құнынан, оны іздеу бойынша сатып алушының шығыстарынан қалыптасады, фирманың пайдасы да анық: таңба бейнелейтін коммерциялық беделі жоғары болған сайын және жағымды түсінік қалыптастыратын сауда белгісі бар фирманың тұтынушылар саны көбейген сайын, ондай фирма үлкен табысқа жетеді, ол жоғары бағада көп тауар сататын болады, сәйкесінше тауарлар туралы ақпарат іздеу бойынша кететін шығысты азайту арқылы үнемдей алатын тұтынушыға қолайлы болады. ҚР ҚК-нің 222-бабының 1-тармағымен қарастырылған қылмыстың объективтік жағы бөтеннің тауар белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған соларға ұқсас белгіленімдерді заңсыз (иесінің келісімінсіз) пайдаланудан тұрады. ҚР ҚК-нің 222-бабының 2-тармағымен қарастырылған іс-әрекет ҚР-да тіркелмеген тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне, тауардың географиялық шыққан жеріне немесе тауар шығарылған жердің атауына қатысты ескертпе таңбалауды заңсыз пайдаланудан тұрады. Тауар белгісін, немесе біртектес тауарларға арналған соларға ұқсас белгіленімдерді заңсыз пайдалану деп оны белгінің иесінің рұқсатысыз пайдалану түсініледі. Тауар шығарылған жердің атауына немесе соларға ұқсас белгіленімдерді пайдалану, егер тауардың шыққан шынайы орны көрсетілгендігіне немесе атауында аудармасы не «имитация», «тегі, түрі» сөздерінің үйлесімі және т.б. қолданылғандығына қарамастан, куәлік жоқ болған жағдайда, егер тауардың шығу жеріне және тауардың ерекше қасиеттеріне қатысты тұтынушыны жаңылыстыруға жол беретін ұқсас белгілемелер пайдаланылған жағдайда заңсыз болып табылады. Ескертпе таңбалау ҚР тіркелмеген тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне, тауардың географиялық шыққан жеріне немесе тауар шығарылған жердің атауына қатысты қолданылмайды. ҚР ҚК-нің 222-бабының 1 және 2-тармақтары бойынша бірнеше (екі немесе оданда көп) рет аталған әрекеттерді жасаған сәттен бастап немесе түсінігі ҚР ҚК-нің 3-бабында ашылған ірі мөлшерде зиян келтірген сәттен бастап қылмыс аяқталды деп саналады. Қылмыстың субъектісі – жалпы, қылмыс жасаған сәтте 16 жасқа толған жеке тұлға. Талданып жатқан қылмыстың субъективтік жағы қарастырылып жатқан қылмыс құрамының құрылымына қарай тікелей, сондай-ақ жанама нысандаға қасақаналықтан тұрады. Бірнеше рет пайдаланған жағдайда тікелей қасақаналық орын алса, ірі мөлшерде зиян келтірген кезде тікелей қасақаналықта, жанама қасақаналықта орын алады [3].

ҚР ҚК-нің 222-бабымен қарастырылған құрам бойынша құқық қолдану тәжірибесін қарастырамыз.

2018 жылдың 10 мамырында А. қаласының А. аудандық соты А. қаласының базарларында әрі қарай сату мақсатында «АҮ» соялық тұздықты дайындау және құю үшін ғаламтор арқылы құрал-жабдық сатып алған азаматқа қатысты қылмыстық істі қарады. Жалға алған үйінің жер төлесінде азамат концентрацияланған ингредиенттерден соялық тұздықты дайындау бойынша цехті жабдықтаған, ол «АҮ» тауар белгісімен логотипі бар пластик бөтелкелеріне оларды құйып, «АҮ» соялық тұздықтың этикеткаларын жабыстыру арқылы, мыс ҚХР жасалған өнім сияқты бірегейлік сипат бере отырып, А. қаласының азаматтарын шатастыра келе, базар орындарының иелеріне аталған өнімді жеткізе бастаған. 2018 жылдың 8 ақпанында А. қаласы бойынша МКД Экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері базар аумағында жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде №29018926 вагонның ішінен саны 6864 бөтелкені құрайтын «АҮ» тауар белгісімен соялық тұздықты тауып, оларды алған, жүк көлігінің жүргізушісімен жеткізілген «АҮ» атауымен 4800 бөтелкеден тұратын соялық тұздықты тауып, оларды алған. Іс үшін маңызы бар заттай дәлелдемелерді, дәлірек айтқанда жоғарыда аталған тауарларды анықтау, алу және тіркеу мақсатында тінту жүргізілген, оның нәтижесінде «АҮ» атауымен 33 744 бөтелкеден тұратын соялық тұздық, 930000 дана қақпаққа арналған этикетка, 14 400 пластикалық бөтелке, 672 672 бөтелке қақпағы, 1800 дана «АҮ» тауар белгісімен қорап (гофраыдыс), сондай-ақ «АҮ» соялық тұздығын дайындау және құю үшін арналған құрал-жабдық (миксер, құю үшін арналған станок, этикетканы термиялық желімдеу станогы) табылған. Осы арқылы А. қаласы бойынша МКД Экономикалық тергеу қызметімен азаматта табылған «АҮ» атауымен соялық тұздық контрафактілік өнімді дайындау, сақтау, сату үшін ұсыну және сату фактісі анықталған және жолы кесілген.

Қазақстан Республикасының аумағында «ДК К» ЖШС 23.05.2012 жылғы (29, 30 және 35 МКТУ сыныптары) артықшылығы бар және 23.05.2022 жылға дейінгі қорғау мерзімі бар 17.04.2014 жылғы № 44205 ұлттық куәлік бойынша «АҮ» тұздық тауар белгісінің иесі болып табылады. Сондай-ақ, «ДК К» ЖШС 20.08.2014 жылғы (5, 29, 30, 35 және 43 МКТУ сыныптары) артықшылығы бар және 20.08.2024 жылға дейінгі қорғау мерзімі бар 29.06.2015 жылғы № 48815 ұлттық куәлік бойынша көп түсті этикетка түріндегі «АҮ» аралас тауар белгісінің иесі болып табылады және 20.08.2014 жылғы (5, 21, 29, 30, 35, 39 және 43 МКТУ сыныптары) артықшылығы бар және 20.08.2024 жылға дейінгі қорғау мерзімі бар 18.09.2015 жылғы № 49615 ұлттық куәлік бойынша 3D бөтелке түріндегі «АҮ» көлемді тауар белгісінің иесі болып табылады. Сонымен «ДК К» ЖШС сөз, этикетка және 3D бөтелке түріндегі «АҮ» 3 тауар белгісінің иесі болып табылады, олардың әр біреуі Қазақстанда соялық тұздық түріндегі тауарға қатысты қорғалады.

Сот Қазақстан Республикасының ҚК-нің 222-бабының 1-тармағымен қарастырылған қылмысты жасауда кінәлі деп танып, оған аталған бап бойынша 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 120 250 (жүз жиырма мың екі жүз елу) теңге мөлшерінде айыппұл тағайындады. Ал 12 714 240 теңге мөлшерінде келтірілген материалдық зиянды өтеттіру туралы жәбірленуші «ДК К» ЖШС-нің өкілінің қойған азаматтық талабын қанағаттандырудан бас тартты. Сотталған азаматтан сот сараптамасы органдарында жүргізілген сараптамаға кеткен 56 174 (елу алты мың жүз жетпіс төрт) теңге көлеміндегі шығысты қосқанда іс жүргізушілік шығысты мемлекет пайдасына өндірілсін. Заттай дәлелдемелер: тергеу әрекеттері жазылған DVD-дискті қылмыстық істің сақталу мерзімінің

барлық кезеңіне қылмыстық істе сақтау, 45 408 бөтелке, 930 000 дана қақпақтағы этикеткалар, 524 172 дана бөтелкедегі этикеткалар, 14 400 пластикалық бөтелкелер, 672 672 бөтелке қақпағы, 1800 дана «АУ» тауар белгісімен қорап (гофраыдыс) үкім заңды күшіне енгеннен кейін жойылсын [7].

2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексімен (әрі қарай – ҚР ӘҚБтК) 158-бабында тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдаланғандығы үшін санкция қарастырылған.

ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабына сәйкес құқық бұзушыны әкімшілік жауаптылыққа тарту, егер құқық бұзушының әрекетінде қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттің белгілері жоқ болған кезде ғана жүзеге асады. Әйтпесе құқық бұзушылар – жеке тұлғалар немесе заңды тұлғаның лауазымды тұлғалары ҚК-нің нормаларына сәйкес тауар белгісін заңсыз пайдаланғаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Осыған байланысты бөтеннің тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауын заңсыз пайдалану бойынша тұлғаның құқыққа қайшы іс-әрекеті о бастан құқыққорғау органдарымен онда қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің және оны жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негіздің бар немесе жоқ екендігі тексерілуі тиіс. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылықтың тектік объектісі ҚР заңнамасымен белгіленген және мемлекетпен қорғалатын Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі болып табылады. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылықтың тікелей объектісі ҚР заңнамасымен белгіленген және мемлекетпен қорғалатын ҚР аумағында тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізген кезде тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауын пайдалану тәртібі болып табылады. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылықтың субъектісі өзінің кәсіпкерлік қызметінде бөтеннің тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауын заңсыз пайдаланушы кәсіпкерлік қызмет субъектілері – жеке тұлғалар және заңды тұлғалар болып табылады. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқыққа қайшы іс-әрекеттің субъективтік жағы құқықбұзушы - жеке тұлғалар үшін қасақаналық немесе абайсыздық нысанындағы кінәмен сипатталады. Тұлғаның кінәсі онымен жасалған құқыққа қайшы іс-әрекетке және оның зиянды салдарына деген оның психикалық қатынасы бойынша анықталады. Субъектісі заңды тұлға болып табылатын құқық бұзушылықтардың субъективтік жағы жеке тұлғаларға қатысты ғана әкімшілік жауаптылыққа тартудың шарты ретінде кінәні анықтау туралы заңнамалық талаптың орын алуына байланысты анықталуға жатпайды. Әкімшілік жауаптылық туралы ҚР заңнамасы бойынша заңды тұлғалар олар жасаған ӘҚБтК-те осы іс-әрекетті жасаған заңды тұлғаның лауазымды тұлғасының кінәсін ескерусіз, әкімшілік жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік фактісі үшін ғана әкімшілік жауаптылыққа тартылады. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылықтың объективтік жағы тұлғамен жасалатын құқыққа қайшы (жеке тұлғалар үшін кінәлі) әрекетпен сипатталады, ол бөтеннің тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді заңсыз пайдалану, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдаланудан көрінеді [8].

«Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» ҚР Заңының 1-бабының 9)-тармақшасына сәйкес тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану деп тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын қорғалатын тауарларда және қызметтер көрсету кезінде олардың қаптамаларында орналастыру, тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауының белгілемесі бар тауарды жасау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайшажазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, сондай-ақ оларды айналымға өзгеше енгізу түсініледі. Сәйкесінше, егер тауар белгісін (қызметтер көрсету белгісін), тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды пайдаланушы тұлға оны тауар белгісінің (қызметтер көрсету белгісінің), тауар шығарылған жердің атауының немесе фирмалық атаудың иесінің (құқық иеленушінің) келісімінсіз және оны ескертусіз, сондай-ақ қандай да бір заңды негіздерсіз және құқық белгілеуші құжаттарды тиісті түрде рәсімдеусіз жасайтын болса, мұндай пайдалану заңсыз деп танылады.

Түсінік беріліп жатқан нормада тікелей көрсетілуіне байланысты тауар белгісіне айрықша құқықтың сарқылуына байланысты тауар белгісін пайдалану жағдайы құқық бұзушылық болып табылмайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылық құқық бұзушымен келесідей жағдайда жасалды деп саналады:

1) өзінің тауарларында және өзінің қызметін көрсету кезінде немесе өзінің қаптамаларында бөтеннің тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе бөтеннің тауар шығарылған жердің атауын заңсыз орналастырса;

2) бөтеннің тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін) немесе тауар шығарылған жердің бөтен атауын заңсыз белгілей отырып, тауарды дайындауды, қолдануды, әкелуді, сақтауды, сатуға ұсынуды, сатуды заңсыз жүзеге асырса;

3) сол сияқты оларды өз маңдайшаларында, жарнамаларында, баспа өнімдерінде немесе өзге де іскерлік құжаттарда заңсыз қолданса не өзгеше түрде оларды айналымға заңсыз енгізе.

ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық құрамы формальды болып табылады. Оны жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін құқық бұзушымен мемлекетке, ұйымға немесе азаматқа материалдық зиян келтіргендігі фактісін анықтау талап етілмейді. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылықты жасағаны үшін айыппұл түріндегі әкімшілік жазалау белгіленген. ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылық жасағаны үшін айыппұлдың мөлшері құқық бұзушының құқықтық мәртебесіне

қарай теңдестірілген болып табылады, ал егер құқықбұзушы кәсіпкерліктің субъектісі болып табылса, онда кәсіпкерліктің субъектісінің қай санатына жататындығына қарай теңдестіріледі. Аталған жағдайға байланысты құқық бұзушының әкімшілік жауаптылыққа тартатын орган тұлғаны жауаптылыққа тартар алдында мұндай тұлғаның құқықтық жағдайын және оның кәсіпкерліктің қай санатына жататындығын алдын ала анықтап алуы тиіс [8]. Тұлғаның құқықтық жағдайына және кәсіпкерліктің қай санаты екендігіне қарай, айыппұл мөлшері құрайды: жеке тұлғаларға – 20 АЕК, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 80 АЕК мөлшерінде [9]. Сондай-ақ түсінік беріліп жатқан баппен қарастырылған құқық бұзушылық жасағаны үшін жаза ретінде осы баптың санкциясында тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді заңсыз бейнелейтін (мұндай жағдайлар орын алатын болса) тауарларды тәркілеу қарастырылған. Тәркілеу айыппұлмен қатар тағайындалатын міндетті жаза болып табылады және жазаны тағайындаушы органның өз қарауы бойынша қолданылуға жатпайды. Түсінік беріліп жатқан баптың ескертпесінде қарастырылған жалпы ереже бойынша тәркіленген контрафактілік тауарлар ҚР ӘҚБтК-нің 795-бабымен қарастырылған тәртіпте жойылуға жатады. Бұл жалпы ережеден ерекшелік ретінде ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабына берілген ескертпеге сәйкес тәркіленген тауарлар мұндай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болатын және Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзбайтын жағдайларды атап кету қажет. Бұл жерде тәркіленген тауарларды айналымға енгізудің шарты ретінде тауардан және оның қаптамасынан заңсыз пайдаланылатын тауар белгісін немесе оған айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алдын ала алып тастау қарастырылған. Түсінік беріліп жатқан бап бойынша әкімшілік жазалау шараларын құқықбұзушыға тек қана сот салады, өйткені жасағандығы үшін заңмен тәркілеу түріндегі санкция қарастырылған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотпен қаралады. Түсінік беріліп жатқан баппен қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасауға мемлекеттік кіріс органдарының және әділет органдарының лауазымды тұлғалары құқылы [8].

ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабында қарастырылған құрам бойынша құқық қолдану тәжірибесін қарастырамыз.

А. облысының А. аудандық соты 2021 жылдың 9 маусымында «SAL» Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарады. Сот талқылауы барысында анықталғандай, 2021 жылдың 25 мамырындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес 2021 жылдың 24 сәуірінде кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде, дәлірек айтсақ, контейнерді тексеру кезінде алушы «SAL» ЖШС-нің мекен-жайына бара жатқан, тауарларға декларация бойынша «ішкі тұтыну үшін шығару» процедурасы бойынша тіркелген «саны 5 жүк орнын құрайтын (20 дана), нетто салмағы 6,8 килограмды, брутто салмағы 7 килограмды құрайтын, «ТА» маркалы картон қаптамаға оралған «ТА» маркалы жеңіл көлік құралдары үшін арналған тежегіш қалыптар түріндегі декларацияланбаған тауарлар табылды. Бұл Қазақстан Республикасының аумағында «ТА» тауар белгісін құқық иеленушісінің зияткерлік меншік құқығын бұзу белгілерінің орын алғандығын көрсетеді. Осы арқылы «SAL» ЖШС-мен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдаланудан тұратын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік заңнамасы бұзылды, осы арқылы ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен жауаптылық белгіленген әкімшілік құқық бұзушылық жасады. Аталған әкімшілік құқық бұзушылық ісін қарау нәтижесінде сот «SAL» ЖШС, ҚР ӘҚБтК-нің 158-бабымен қарастырылған құқық бұзушылық жасауда кінәлі деген және оған аталған бап бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей заты болып табылатын тауарларды тәркілеумен 87510 (сексен жеті мың бес жүз он) теңге көлемінде айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағайындайтын қаулы шығарды. Ұсталған тауарлар: ««саны 5 жүк орнын құрайтын (20 дана), салмағы нетто 6,8 килограмды, брутто салмағы 7 килограмды құрайтын, «ТА» маркалы картон қаптамаға оралған «ТА» маркалы жеңіл көлік құралдары үшін арналған тежегіш қалыптар түріндегі тауарларды – мемлекеттің кірісіне тәркіленді [10].

Қорытынды

Зияткерлік меншік құқығы басқа құқық салаларымен және заңнамалармен байланыссыз орын алмайды, керісінше ол жеке, жария құқық салаларымен және заңнамалармен тығыз байланыста болады, және бұл қисынды, өйткені ол бүтіндей құқық жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Зияткерлік меншік құқығы идеалды объектілерді құқықтық реттеумен де байланысты, ол өзінің үдемелі дамуын жалғастыруда, оның болашағы зор, өйткені ол өзге жеке және жария құқық (заңнама) салаларын, кіші салаларын және институттарын негіздеуге қабілетті, әсіресе оның индустриализация және жаһандану жағдайында ғылыми-техникалық нәтижелердің ролінің белсенді дамуы мен өсуі жағдайында болашағы зор.

Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтарды табысты ашу үшін құқық қорғау органдары аталған салада біліктілігін арттыруы, сондай-ақ отандық және шетелдік құқық иеленушілермен және уәкілетті мемлекеттік органдармен, атап айтқанда ҚР Әділет министрлігімен өзара іс-қимыл жасауы қажет. Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың аумақтан тыс сипатқа ие болуына байланысты құқық қорғау органдарына шет елдердің құқық қорғау органдарының әріптестерімен және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен өзара іс-қимыл жасау ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Щербачева Л.В. Гражданско-правовая регламентация интеллектуальной собственности в России на современном этапе: монография. – М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2014. – 143 с.

2 Амангельды А.А. Право интеллектуальной собственности в системе гражданского права: монография. –

Алматы: Интерлигал, 2012 – 240 с.

3 Амангельды А.А. Проблемы права интеллектуальной собственности Республики Казахстан на современном этапе: монография. – Алматы: Интерлигал, 2015. – 404 с.

4 Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному Кодексу Республики Казахстан (Особенная часть) / Борчашвили И.Ш., доктор юридических наук, профессор, академик Академии естественных наук Республики Казахстан, заслуженный работник МВД Республики Казахстан // [Электрондық ресурс] - Кіру режимі: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/T9700167_1_#z96 25.08.2022.

5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // [Электрондық ресурс] - Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2

6 Іс № 3570-17-00-1/267 ҮКІМ [Электрондық ресурс] // BESTPROFI ақпараттық жүйесі Opensud.kz.

7 Іс 1-124/2018 ҮКІМ [Электрондық ресурс] // BESTPROFI ақпараттық жүйесі Opensud.kz.

8 Порохов Е.В. Комментарий к статье 158 КоАП РК // [Электрондық ресурс] - Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/T2000000005> 25.08.2022.

9 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі // [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577100#activate_doc=2

10 Іс №1934-21-00-3/238 Жарлық [Электрондық ресурс] // BESTPROFI ақпараттық жүйесі Opensud.kz.

REFERENCES

1 Shcherbacheva L.V. Grazhdansko-pravovaya reglamentatsiya intellektual'noy sobstvennosti v Rossii na sovremennom etape: monografiya. – M.: YUNITI-DANA: Zakon i pravo, 2014. – 143 s.

2 Amangel'dy A.A. Pravo intellektual'noy sobstvennosti v sisteme grazhdanskogo prava: monografiya. – Алматы: Interligal, 2012 – 240 s.

3 Amangel'dy A.A. Problemy prava intellektual'noy sobstvennosti Respubliki Kazakhstan na sovremennom etape: monografiya. – Алматы: Interligal, 2015. – 404 s.

4 Borchashvili I.Sh. Kommentariy k Ugolovnomu Kodeksu Respubliki Kazakhstan (Osobennaya chast') | Borchashvili I.SH., doktor yuridicheskikh nauk, professor, akademik Akademii yestestvennykh nauk Respubliki Kazakhstan, zasluzhennyy rabotnik MVD Respubliki Kazakhstan // [Elektrondyk resurs] - Kiru rejimi: https://zakon.uchet.kz/rus/docs/T9700167_1_#z96 25.08.2022.

5 Kazakhstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi // [Elektrondyk resurs] - Kiru rejimi: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2

6 Is № 3570-17-00-1/267 UKIM [Elektrondyk resurs] // BESTPROFI aqparattyq juiesı Opensud.kz.

7 Is 1-124/2018 UKIM [Elektrondyk resurs] // BESTPROFI aqparattyq juiesı Opensud.kz.

8 Porohov E.V. Komentari k state 158 KoAP RK // [Elektrondyk resurs] - Kiru rejimi: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/T2000000005> 25.08.2022.

9 Kazakhstan Respublikasynyn Akimshilik kuckyk buzushylyk turaly kodeksi // [Elektrondyk resurs] - Kiru rejimi: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577100#activate_doc=2k.

10 Is №1934-21-00-3/238 Jarlyk [Elektrondyk resurs] // - BESTPROFI aqparattyq juiesı Opensud.kz.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Айжан Амангельдықызы Амангельды - заң ғылымдарының докторы, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы ИІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген сарапшысы. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Өтепов к., 29. E-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru.

Дүсебаев Талғат Тұрашұлы - заң ғылымдарының кандидаты, Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының қылмыстық-құқықтық пәндер және құқық қолдану кафедрасының доценті, тәрбие жұмысы және әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Курманғазы к., 107. E-mail: dussebaev-talगत@bk.ru

Амангельды Айжан Амангельдықызы - доктор юридических наук, профессор кафедры гражданско-правовых дисциплин Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева, научный сотрудник Научно-исследовательского центра Алматинской академии МВД Республики Казахстан им. М. Есбулатова, аккредитованный субъект научной и научной-технической деятельности Министерства науки и высшего образования РК. Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Утепова 29. E-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru.

Дүсебаев Талғат Турашевич - кандидат юридических наук, доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин и правоохранительной деятельности Евразийской юридической академии им. Д.А. Кунаева, проректор по воспитательной работе и социально-культурному развитию. Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Курмангазы 107. E-mail: dussebaev-talगत@bk.ru.

Aizhan Amangeldy - Doctor of Juridical Sciences, Professor of the Department of Civil Law Disciplines of the Eurasian Law Academy named after D. Kunaev, researcher of the Research Center of the Almaty academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after M. Esbulatov, accredited expert of scientific and scientific and technical activities of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. Almaty, St. Uteпов, 29. E-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru.

Talगत Dyussebaev - Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the Department of Criminal Law Disciplines and Law Enforcement of the Eurasian Law Academy named after D. Kunaev, Vice-rector for Educational Work and Socio-cultural development. Republic of Kazakhstan, Almaty, st. Kurmangazy 107. E-mail: dussebaev-talगत@bk.ru.

**ИССЛЕДОВАНИЕ ПРАВОВЫХ ОСНОВ И РАЗРАБОТКА РЕКОМЕНДАЦИЙ
ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ СТАТЬИ 346 УГОЛОВНОГО КОДЕКСА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

А.А. Баргаринова

кандидат юридических наук

З.А. Рахметова

магистр права

Костанайская академия МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева

Аннотация. Актуальность темы исследования не вызывает сомнений по причине ежедневных жертв среди населения, возникающих в результате нарушения уголовно-правовых запретов лицами, управляющими транспортными средствами. Транспортное средство само по себе является источником повышенной опасности, в единстве с лицом, им управляющим под воздействием психоактивных веществ, представляет собой угрозу общественной безопасности. Общественная безопасность в свою очередь является составной частью национальной безопасности Республики Казахстан. Снижение уровня законности и правопорядка в стране вследствие устойчивого игнорирования решения суда лицами, первично лишенными права управления транспортными средствами, кроме того добровольно находящимися под воздействием психоактивных веществ, в совокупности с другими факторами выступают триггерами дестабилизации общественных отношений.

В Республике Казахстан, ответственность за управление транспортным средством лицом, лишенным права управления транспортными средствами и находящимся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения, а равно передача управления транспортным средством такому лицу или допуск к управлению транспортным средством такого лица предусмотрена статьей 346 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Глубокое изучение применения статьи 346 Уголовного кодекса Республики Казахстан вызвано практической необходимостью урегулирования проблем, связанных с отказом правонарушителя от прохождения медицинского освидетельствования в целях установления факта нахождения лица под воздействием психоактивных веществ, в конечном итоге имеющего возможность уклонения от уголовной ответственности. С целью выработки предложений и рекомендаций, направленных на совершенствование законодательства Республики Казахстан, в интересах защиты общественных отношений, жизни, здоровья граждан и собственности от преступных посягательств лиц, попадающих под действие статьи 346 Уголовного кодекса Республики Казахстан, предстоит подойти к теоретическому осмыслению законодательных конструкций, регламентирующих порядок привлечения к ответственности виновных лиц.

Ключевые слова: водитель, психоактивные вещества, состояние опьянения, вменяемость, транспортное средство, медицинское освидетельствование, принудительные меры медицинского характера.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ 346-БАБЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЗАҢ ПРАКТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҰСЫНЫМДАРДЫ ӘЗІРЛЕУ**

А.А. Баргаринова

заң ғылымдарының кандидаты

З.А. Рахметова

құқық магистрі

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Кабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Аңдатпа. Зерттеу тақырыбының өзектілігі көлік құралдарын басқаратын адамдардың қылмыстық-құқықтық тыйымдарды бұзуы нәтижесінде туындайтын халықарасында күнделікті құрбан болуға байланысты күмән тудырмайды. Көлік құралының өзі жоғары қауіптің көзі болып табылады, оның үстіне психоактивті заттарды қабылдаған басқарушы адам қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Қоғамдық қауіпсіздік өз кезегінде Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіп деңгейінің төмендеуі, көлік құралдарын басқару құқығынан бірінші кезекте айырылған адамдардың сот шешімін тұрақты түрде елемеуіне байланысты, сонымен қатар психоактивті заттардың әсерінен ерікті түрде басқа факторлармен бірге қоғамдық қатынастарды тұрақсыз дандырудың триггерлері болып табылады.

Қазақстан Республикасында көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы не көлік құралын басқаруды осындай адамға беру, сол сияқты осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адамның немесе көлік құралы меншік иесінің не иеленушісінің жол беруі үшін жауапкершілік ҚР ҚК-нің 346-бабында көзделген. ҚР ҚК-нің 346-бабының қолданылуын терең зерделеу, сайып келгенде, қылмыстық жауаптылықтан жалтару мүмкіндігі бар адамның психоактивті заттардың әсерінен болу фактісін анықтау мақсатында құқық бұзушының медициналық куәландырудан өтуден бас тартуына байланысты проблемаларды реттеудің практикалық қажеттілігінен туындайды. Қоғамдық қатынастарды, азаматтардың өмірін, денсаулығын және меншігін ҚР ҚК-нің 346-бабының күшіне енетін адамдардың қылмыстық қол сұғушылықтарынан қорғау мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу мақсатында кінәлі адамдарды жауапқа тарту тәртібін реттейтін заңнамалық конструкцияларды теориялық тұрғыдан түсіну керек.

Түйін сөздер: жүргізуші, психоактивті заттар, масаң күйі, есі дұрыс, көлік құралы, медициналық куәландыру, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

**RESEARCH OF LEGAL BASES AND DEVELOPMENT OF RECOMMENDATIONS
ON IMPROVEMENT OF LEGAL PRACTICE OF ARTICLE 346 OF THE CRIMINAL CODE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Bargarinova A.A.
Candidate of Juridical Sciences
Rakhmetova Z.A.
Master in Law

Kostanay Academy of the MIA of the Republic of Kazakhstan named after Sh.Kabybayev

Annotation. The relevance of the research topic is beyond doubt due to the daily casualties among the population resulting from violations of criminal law prohibitions by persons driving vehicles. The vehicle itself is a source of increased danger, in unity with the person driving it, under the influence of psychoactive substances, it poses a threat to public safety. Public security, in turn, is an integral part of the national security of the Republic of Kazakhstan. A decrease in the level of law and order in the country, due to the sustained disregard of the court's decision by persons primarily deprived of the right to drive vehicles, in addition, voluntarily under the influence of psychoactive substances, in combination with other factors, act as triggers for the destabilization of public relations.

In the Republic of Kazakhstan, responsibility for driving a vehicle by a person deprived of the right to drive vehicles and being in a state of alcoholic, narcotic and (or) toxic intoxication, as well as the transfer of control of a vehicle to such a person or admission to driving a vehicle of such a person is provided for in Article 346 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. An in-depth study of the application of article 346 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan is caused by the practical need to resolve problems related to the offender's refusal to undergo a medical examination in order to establish the fact that a person is under the influence of psychoactive substances, ultimately having the opportunity to evade criminal liability. In order to develop proposals and recommendations aimed at improving the legislation of the Republic of Kazakhstan, in the interests of protecting public relations, life, health of citizens and property from criminal encroachments of persons subject to Article 346 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, it is necessary to approach a theoretical understanding of legislative structures regulating the procedure for bringing perpetrators to justice.

Keywords: driver, psychoactive substances, state of intoxication, sanity, vehicle, medical examination, compulsory medical measures.

Введение

Из диспозиции рассматриваемой статьи следует, что под лицом, управляющим транспортным средством, понимается именно водитель. Исходя из смысла пунктов 25, 28 статьи 1 Закона Республики Казахстан от 17 апреля 2014 г. «О дорожном движении», следует, что водителем признается лицо, управляющее транспортным средством, то есть устройством, предназначенным для перевозки по дорогам людей, грузов или оборудования, установленного на нем [1].

Следовательно, априори для управления транспортным средством водитель должен быть управомочен Министерством внутренних дел Республики Казахстан путем прохождения обучения правилам дорожного движения и практическому процессу вождения, а также предоставления соответствующих документов с последующей сдачей экзаменов через специализированные отделы НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (СпецЦОНЫ). Документом, подтверждающим право допуска к участию в дорожном движении, служит удостоверение на право управления транспортным средством.

Основная часть

Субъектом рассматриваемого преступления признается лицо, достигшее 16-летнего возраста, вменяемое, во-первых, лишенное права управления транспортными средствами, находящееся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения, в совокупности этих обстоятельств, управляющее транспортным средством; во-вторых, должностное лицо, собственник или владелец транспортного средства, допустивший передачу транспортного средства вышеописанному лицу.

